



БІЛІМ ШЫҢЫ-

ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

№05-06 (91-92)
мамыр маусым,
2023



WWW.BILIMSHINI.KZ



*МЕДЕТБЕКОВА Мерuert Аскарбекқызы
Шымкент қаласы білім басқармасының
Әдістемелік орталығының директоры, ф.ғ.к*

**ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ:
ПЕДАГОГ – ОҚУШЫ – САПА – НӘТИЖЕ**

БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге! «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

БІЛІМ ШЫҢЫ- ҒЫЛЫМ СЫРЫ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӨДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

2015 жылдың тамыз айынан бастап шығу бастады. Алына бір рет шығады.

Журналға жазылыңыз!

Қазпочта арқылы 6 айға
жазылу бағасы 3440 тенге
индекс: 74871



Сіздерден құнды материалдар күтеміз!

Журнал лицензиясы - №15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал+Сертификат+Грамота



Аттестацияға 100% жарамды

8778 625 20 78
8775 076 78 76

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ҚОЛДАУ — БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ ЖОЛЫ



ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор

1 маусым - халықаралық балаларды қорғау күні. 1949 жылдың қараша айында Парижде Халықаралық әйелдер демократиялық қауымдастығының конференциясы өтті. Онда балалардың бақытты болуының басты себебі тек әлемнің тұрақтылығында деген ой айтылды. Осылайша аталған конференцияда Балаларды қорғау күні ресми түрде бекітілді. Бұл шешімді сол жылдары енді құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы да қолдады. Бұған қоса Біріккен Ұлттар Ұйымы балалар құқығын қорғау мекеменің басты бағыттарының бірі болатынын мәлімдеді. Алғашқы халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізілді. Сол уақыттан бері 73 жыл өтсе де балаларды қорғау мәселесі өз шешімін тапқан жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымының жүргізген сауалнамасына жүгінсек, бүгінгі таңда әлемде әрбір оныншы бала үлкендер тарапынан жасалатын зорлық пен зомбылыққа ұшырайды екен. Болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру адамзаттың алдында тұрған басты міндет болып табылады. Қазіргі кезде балаларды қорғаудың бүкіләлемдік тиімді тетіктері қалыптасқан. Алайда жаңа технологиялардың дамуына байланысты жаңа қауіп-қатерлер пайда болуда. Тілі шықпаған балалардың өзі телефонға телмірген заман келді. Ал телефондағы контенттің пайдасынан зияны көп екені баршаға аян. Заманды кері бұру мүмкін емес. Сондықтан да бұл мәселемен жаңаша тәсілмен күресуден басқа жол жоқ. Балаларды зиянды ақпараттардан қорғау бүгінгі заманның басты міндеті деп ойлаймын. Зиянды ақпараттан қорғаудың негізгі жолы - пайдалы ақпарат жасау. Мұхамеджан Тазабек әлеуметтік желіде мынадай мәлімет жариялады: «Бенджамин Франклин деген америкалық саяси тұлға болған. Әлгі доллардың бетінде тұрған танымал кісі ше? Міне, соны анасы әртүрлі шаруаға жұмсап көріпті. Қай кәсіпке

ыңғайы бар, қай салаға бағыттасам екен, деп, уайымдаса керек. Бір күні кітапханаға сөрелердің шаңын сүртегін жұмысқа жіберіпті. Бенджамин шаң сүрте жүріп, кітапқа қызығып, көп оқитын болған екен. Ақыры сол алған білімі өміріндегі көп жетістігіне тұғыр болыпты...

Түйін: баланың бойында қандай іске ебі бар, соны тауып беруге әке-шеше міндетті екен». Кітапты көп оқыған баланың бәрі Президент бола бермес, бірақ жақсы азамат болады деп нық сеніммен айтуға болады. Сондықтан да балалар әдебиетін мемлекеттік деңгейде және қоғам болып жан-жақты қолдау керек. Балаларға арналған қызықты әңгімелер, өлеңдер көп жазылса интернеттегі сапалы контенттің де пайда болатыны белгілі. Бізге ең керегі осы деп ойлаймын. Қазақ балалар әдебиетінің алғашқы жазба үлгілерін XIX ғасырда Ы. Алтынсарин жасады. Ол балаларды өнер-білімге тәрбиелейтін, еңбекке баулитын, этикалық, эстетикалық тәрбие беретін өлеңдер мен әңгімелер жазды. Сондай-ақ, қазақ фольклорынан балалардың тіліне түсінікті жеңіл шығармаларды іріктеп, орыс балалар әдебиетінен қысқа да қызықты әңгімелер аударып, құрастырды, ана тілінде алғашқы оқулықты бастырып шығарды. Сөйтіп, бала тіліне лайықты, ойына қонымды ойнақы өлеңдері мен қызықты әңгімелері арқылы педагог-жазушы Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады. Керемет көркем әдебиеттің бәрі заман талабынан, қоғам қажеттілігінен туғаны тарихтан белгілі. Балалар әдебиетін қолдау – балаларды қорғаудың басты жолы. Сондықтан балалардың ұлттық руханиятымыздың қайнарынан сусындап, балаларға арналған жақсы кітаптарды көп оқуына жағдай жасайық, қазақ балалар әдебиетін жан-жақты қолдайық.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ:

ПЕДАГОГ – ОҚУШЫ – САПА – НӘТИЖЕ



МЕДЕТБЕКОВА Мерuert Аскарбекқызы,
Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығының
директоры, ф.ғ.к.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысында: «2-міндет. Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту (PISA)» - деп атап көрсеткендей, мәтінді оқу және түсіну сапасын халықаралық зерттеуде (PIRLS), сонымен қатар математика және жаратылыстану білімінің сапасын халықаралық зерттеуде (TIMSS), оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасында (PISA) Қазақстан мемлекетінің алар орнын ілгерілетіп, білім сапасын арттыру - басты мақсат.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы туралы естігенде, біз ең алдымен қазіргі заманғы балалар туралы ойлаймыз: олар енді тек оқып қана қоймай, мәтінді тереңдетіп, оны талдап, бұрыннан белгілі нәрсемен байланыс таба білуі керек.

Бірақ мұғалімнің функционалдық сауаттылығы дегеніміз не? Оны қалай анықтауға болады?

Функционалдық сауаттылық – бұл білімді болу ғана емес, оны қолдана білу, жаңа ақпаратты табу, шынайы болуы мен ақпараттың дәлдігін анықтау арқылы жаңа іс-әрекеттерді меңгеру, басқаша айтқанда, жұмысқа қабілеттілік, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады. Сонымен қатар, Блум таксономиясына салар болсақ, білу, түсіну, қолдану, дамыта отырып, білім алушыларға меңгерту, сыни тұрғыдан өз-өзіне баға бере алу. Осы қадамдарды нақты өзі ғана меңгеріп қоймай, білім алушылар санасына құя алған жағдайда педагог толыққанды ұстазға айналары сөзсіз.

Ал қалай меңгеру мен меңгерту қажет? Бұл сауалға жауап ретінде осы мақаламызда кеңінен тоқталып, әдістемелік бағыт беруге тырыстық. Қазіргі таңда әлем бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бұрынғыдан өзгешелене түскені хақ. Бұл технологияның дамуына, даму процестерінің жаһандануына, сонымен қатар қазіргі қоғамдық қатынастардың кейбір ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

«Функционалдық сауаттылық мұғалімге қажетті құзыреттілік пе?», «Мұғалімнің функционалдық сауаттылығы болуы міндетті ме?» деген сұрақтар, еліміздің экономикасы жаһандық құзыреттіліктер аясында бәсекеге қабілетті болу керектігі әр ұстазға ой

салары ғажап емес. Ашық, нақты заңнамалық тұрғыдан талаптар болмағанымен, оқушылардың, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда бірқатар нормативтік құжаттар мен халықаралық зерттеулер аясында жүйеленген жұмыстар оқу процесіне енгізіліп, сыртқы бағалау дәл осы функционалдық сауаттылық деңгейі арқылы жүргізіліп отыр. Сондықтан да, әрбір мұғалімнің функционалдық сауаттылығы болуы керек деген тұжырым жасауға болады.

Функционалдық сауаттылықты арттыру мазмұны келесідегідей мәліметтерді қамтиды:

- білім беру парадигмасын өзгерту – құзыреттілікке негізделген тәсіл болуы;
- білім беру процесіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынас пен оқытудың ерекшеліктері;
- командалық көмек, белсенділік тәсілден құрылуы;
- оқу процесін ұйымдастырудың негізгі элементі - тәжірибеге бағытталуы;
- зерттеушілік, жобалық іс-әрекеттер негізінде білім алушылардың дербестігін, белсенділігін, шығармашылық ойлауын дамытуы;
- бақылау түрі: жеке, пәндік, мета-пән сияқты топтар үшін оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері арқылы болуы.

Міне, осы мәселелерді ескере келсек, нәтижесінде, мұғалімнің функционалдық сауаттылығының болуы қалыпты жағдай ғана емес, ең маңызды, міндетті фактор болып табылады. Себебі, оқу бағдарламасын меңгерудегі жалпыға міндетті білім беру стандартының мазмұны осы функционалдық сауаттылыққа негізделініп құрылғанын басты назарда ұстауымыз шарт.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін не қажет?

Заманауи мұғалімдердің кеңестік дәуірге аға ұрпақтан ерекшелігі - олардың құзыреттілікке негізделген көзқарасты ұстануында. Соңғысы мақсатты қалыптастырудың, мазмұнды бөлудің, білім берудің ұйымдық-технологиялық құрылымының нәтижелерін бағалаудың жалпы жүйесін білдіреді.

Құзіреттілікке негізделген тәсілде материалды игеруге және ақпараттылыққа емес, жинақталған жеке тәжірибенің көмегімен мәселелерді шешуге, қиындықтарды жеңуге баса назар аударылады. Бұл процестің орталық нүктесі функционалдық сауаттылық

болып табылады, өйткені ол қолданбалы білімді пайдалана отырып, адамның өмірлік және кәсіби мәселелерін шешу қабілетін білдіреді.

Мұғалімнің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін оның мынадай құзыреттіктері болуы керек:

Кәсіби. Бұл кәсіптік мәселелер мен негізгі міндеттерді шешу, оқу процесінде заманауи технологияларды түсіну және енгізу, педагогикалық диагностика әдістерін меңгеру, бағалау және құндылық рефлексиясын ұйымдастыру.

Коммуникативті. Адамдармен қарым-қатынас орнатудың жоспарын құру, оларды ортақ мәселелерді шешу үшін біріктіру. Өз қызметінің нәтижелерін қоғамға көрсете білу, көрсетудің ең қолайлы формалары мен әдістерін таңдай білу.

Ақпараттық. Тиімді іздеу, қажетті ақпаратты іріктеу, оны оқу бағдарламасының ерекшелігіне және дидактикалық принциптеріне түрлендіру. Компьютерлік және мультимедиялық технологияларды, цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесінде қолдану.

Заңнамалық. Тиісті мәселелерді шешу кезінде заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарды, сондай-ақ тар бағыттағы актілерді және басқа да құжаттамаларды аудиторияда сауатты қолдану.

Мұғалімнің функционалдық сауаттылықты дамытудың 3 деңгейі: тұлғалық, тұлғалық-кәсіби және кәсіптік-технологиялық.

Бірінші, жеке деңгейде олар адамның белгілі бір жұмысты қаншалықты орындай алатынын қарастырады. Дүниедегі барлық нәрсе үйлесімділік заңдылығына бағынатынына, жақсылық әрқашан жамандықты жеңетініне, әр адамның бойында жақсы қасиеттер болатынына негізделген оң ойлау түрімен тығыз байланыста болады. Мұндай оптимистік көзқарас кәсіби салада жаңа мүмкіндіктер мен ресурстарды ашады.

Мұғалім тұлғасының бірдей маңызды қасиеті – өз ісіне айналасындағы адамдар немесе қазіргі жағдай емес, тек өзі ғана жауапты екенін түсіне отырып, өз ісіне шынайы қарау және өзін-өзі бақылау қабілеті.

Функционалдық сауаттылықтың тұлғалық деңгейі – бұл тұрақты тұлғалық қасиеттер мен оқыту стилінің жиынтығы.

Жеке-кәсіби деңгейде білім беру саласындағы жұмысқа жарамдылығын білдіреді. Бұл педагогикалық процесті жүзеге асыру әрекеті. Біліктілікті арттыру – білім берудің барлық субъектілерін біріктіру, оқушылардың дамуы мен тәрбиесін ұйымдастыру шеберлігіне негізделген мұғалімнің өзін-өзі жүзеге асыруының табиғи түрі.

Кәсіптік деңгей білім, білік, дағдыларды, қазіргі білім беру және ақпараттық технологияларды нақты қызмет саласы бойынша толық меңгеруді қамтиды, оның мақсаты оқушыларды дамыту болып табылады.

Мұғалімнің функционалдық сауаттылығының көрсеткіші

Қазіргі әлемде мұғалім бір нәрсені үйрететін адам ғана емес, сонымен бірге белгісіздікпен, даулы жағдайлармен, екіжақтылықпен, сенімсіз ақпарат көздерімен күресуге, басқа көзқарастарды табуға тура келетін адам.

Мұғалімнің функционалдық сауаттылығын бағалау

критерийлері:

Сабак жоспарын құру және құру құзыреттілігі: жұмыстың жоғары жылдамдығы, оқушылардың зейінін ұстап тұру немесе аудару мүмкіндігі, ақпаратты ұсырудың әртүрлі формаларын қолдану: фото, бейне, аудио, компьютер арқылы.

Сынып жетекшілік құзыреті: оқушы белсенділігінің жоғары деңгейі, оқыту мен тапсырмалардың алуан түрлілігі, мұғалімнің балалармен бірлескен іс-әрекеті.

Оқушылардың оқу-тәрбие процесіне барынша қатысуына, дербестік танытуына мүмкіндік беретін жағдайларды ұйымдастыру және әдістерді қолдану: ұжымда және жұпта жеке тапсырмалар, оқушыларды эмоционалды түрде тарту, сыныпта қарым-қатынас орнату.

Оқушылардың мүмкіндігінше өз іс-әрекетін дамыту: күрделілік пен көлем деңгейіне қарай тапсырмаларды бөлу, өз бетімен жұмыс және кері байланыс, шығармашылық тапсырмаларды қолдану.

Бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану: бағалау құралдары, өзара бағалау, жеке өзін-өзі бағалау немесе топта бағалау.

Соңғы нәтиже қандай болуы керек?

Сабакқа балалар жігерлі қатысады, белсенділіктің жылдамдығы мен күші де жоғары деңгейде. Оқушылар белсенді, олар сыныпта болып жатқан барлық нәрселерге қызығушылық танытады, олар эмоционалды және қораптан тыс жауап береді. Сыныптағы атмосфера жанды және шабыттандырады, бірақ сонымен бірге ондағы шиеленіс жоқ, балалар өздерін жайлы сезінеді.

Мұғалімдер оқушылармен жақсы қарым-қатынас орнатады: олар қызығушылық танытып, балаға ұнайтынын көрсетеді, олардың іс-әрекетіне қанағаттанғанын көрсетеді, қиындықтарға тап болғандарға көмектеседі.

Мұғалімнің өзі оқу үдерісіне араласқанда сыныпта дұрыс атмосфера қалыптасады.

Функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру жолдары:

Мұғалімнің функционалдық сауаттылығын арттырудың бес түрі бар – оларды тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де қолдануға болады:

Коммуникациялық дағдыларды жетілдіру: хабарламаның маңызды идеясын дұрыс жеткізу, әртүрлі деректер негізінде мәтінді дамыту - өз, оқырман және автор пікірін тындау. Көпшілік алдында еркін сөйлеп, өз идеяларыңызды айтып, аудиториямен талқылаңыз.

Кез-келген ақпараттың дұрыстығын тексеріңіз, әсіресе ол күмәнді көздерден алынған болса, сандық деректер мен пайымдаулардың ерекшелігін ескеріңіз. Міндетті түрде өзіңізге бұл деректер сенімді ме, олар қалай негізделген деген, кімнен және қандай мақсатта алынғаны, олардың мағынасы туралы сұрақтар қойыңыз.

Пікірталасқа қатысыңыз: таңдалған тақырып бойынша кеңесіңіз, осы мәселе бойынша әртүрлі пікірлерді ескеріңіз, өз ойыңызды нақты тұжырымдаңыз және оларды қолжетімді түрде жеткізіңіз, пікірталас жүргізуде әңгімелесушілердің тәжірибесін үйреніңіз. Конференциялар мен түрлі форумдардың қатысушысы болыңыз.

Өз ой-өрісін кеңейтумен айналысу: өнер, экология, салауатты өмір салты, ғылым мен техниканың қоғам

дамуына әсері. Әдеби шығармаларды, журналдарды оқыңыз, әртүрлі мәселелер бойынша сарапшылардың пікірін біліңіз. Сіз кейде викториналарға, интеллектуалдық ойындарға, географиялық диктанттарға немесе орыс тіліндегі «Толық диктантқа» қатысу арқылы біліміңізді тексеруді ұйымдастыра аласыз.

Өзін-өзі танумен айналысу: мақсат пен міндеттер қою, оларды шешу кезеңдерін жоспарлау, ерекше жолдарды іздеу, ақпаратты талдау, қорытынды жасау. Функционалдық сауаттылық бойынша жұмыс жасау арқылы мұғалім қолда бар ақпаратты іс жүзінде пайдалана білу және мүмкін болатын қиындықтарды жеңу қабілетін дамытады. Оның негізі – адамның шынайы сауаттылығы мен дүние туралы білімінің кеңдігі. Ол өз бетінше ойлауға және болып жатқан оқиғаға өзіндік көзқарасын дамытуға ықпал етеді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылық – бұл білімнің өзі емес, оны қолдана білу: жаңа ақпаратты табу, оның сенімділігін тексеру, оның негізінде жаңа іс-әрекеттерді меңгеру, басқаша айтқанда, өзін-өзі дамытуда және өзін-өзі тәрбиелеуде жұмысқа қабілеттілік.

Функционалдық сауаттылық шешілетін мәселелердің жеке жиынтығы емес, жалпы оқу бағдарламасына (егер мектеп оқушылары туралы айтатын болсақ) үйлесімді түрде кіріктірілген процесс болуы маңызды.

Сабакта проблемалық тапсырмаларды шешу мақсаттылықты, ойлау жылдамдығы мен икемділігін, стандартты емес ойлауды, ұтқырлықты, ақпараттық-коммуникациялық мәдениетті дамытады.

Бірақ бұл дағдыларды балалардың бойында дамыту үшін мұғалімнің өзі жеткілікті деңгейде меңгеруі керек екені анық. Яғни, мұғалімнің теория беретін информатор рөлін қазіргі таңда күнделікті сынға түсетін, белгісіздіктен, екіұштылықтан, дәйексіздіктен, ақпараттың жеткіліксіз сенімділігінен қорықпайтын адам рөлі толықтырып отыру.

Оқытудан оқуға, монологтан интерактивті әрекетке, «Мұғалім нені оқыту керектігін біледі» формуласынан «Нені оқу керектігін оқушы өзі таңдайды» формуласына дейін балама көзқарастардың болуы қажет.

Функционалдық сауаттылық деңгейін қалай тексеруге болады?

PISA (Programme for International Student Assessment) – 2000 жылы пайда болған және қазір үш жыл сайын өткізілетін білім сапасын бағалаудың халықаралық бағдарламасы.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – 15 жастағы мектеп оқушыларының білім беру қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша: жаратылыстану, математика, компьютер және оқу пәндері бойынша тест нәтижелері бойынша сауаттылығын бағалау.

PISA халықаралық бағдарлама болғандықтан, ол әртүрлі елдердегі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерді анықтайды. Білім саласындағы инновациялардың тиімділігі осылайша бағаланады. Көптеген елдер ұлттық құрамалардың Олимпиададағы өнерін күткендей, осы зерттеулердің нәтижелерін асыға күтуде.

PISA бағдарламасының Бірыңғай мемлекеттік емтихан мен ОЖБ-дан басты айырмашылығы – ол студенттердің пәндік білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар олардың икемді дағдыларын – мысалы, логиканы

басшылыққа алу, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті, стандартты емес есептерді шешудегі шығармашылық.

Иә, бұл бағдарлама мектеп оқушыларының білімін сынайды, бірақ олардың нәтижелеріне қарап, мұғалімдердің қалай жұмыс істейтінін және олардың өздері жаңа құзыреттерді қаншалықты меңгергенін де бағалауға болады. Сондықтан әр педагог өз кәсіби деңгейін үздіксіз іздене отырып дамытуы, дамуы қажет.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың бес жолы бар – олар тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де қолайлы.

1. Сыни тұрғыдан ойланыңыз: ресми деректер немесе дереккөздер расталмаған фактілерге сұрақ қойыңыз, цифрлар мен пайымдаулардың ерекшелігіне назар аударыңыз. Өзіңізге сұрақтар қойыңыз: естіген немесе көрген ақпарат дұрыс па, оның дәлелі бар ма, оны кім және не үшін береді, негізгі хабар неде.

2. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту: хабарламаның негізгі идеясын тұжырымдау, әртүрлі позицияларды ескере отырып мәтін құру - жеке, тыңдаушы (оқырман), автор. Көпшілік алдында сөйлеп, өз ойларыңызбен бөлісіп, талқылауға шығарудан қорықпаңыз.

3. Пікірталасқа қатысыңыз: тақырыпты талқылаңыз, оны әртүрлі қырынан және көзқарасынан қарастырыңыз, әңгімелесушілер үшін өз ойыңызды анық жеткізуді үйреніңіз, әңгімелесушілерді көндіру және келіссөздер жүргізу стратегияларын зерттеңіз. Конференциялар мен форумдарға қатысыңыз.

4. Ой-өрісін кеңейту: өнерді, экологияны, салауатты өмір салтын, ғылым мен техниканың қоғам дамуына әсерін түсіну. Мүмкіндігінше кітаптарды, журналдарды оқыңыз, сарапшылардың көзқарастарын зерттеңіз. Сіз мезгіл-мезгіл викториналарда, зияткерлік ойындарда біліміңізді тексере аласыз, географиялық диктанттарға немесе орыс тілінен «Толық диктанттарға» қатыса аласыз.

5. Оқыту процесін ұйымдастыру: мақсат пен міндеттерді қою, сатылы жоспар құру, стандартты емес шешімдерді іздеу, мәліметтерді талдау, қорытынды жасау.

Функционалдық сауаттылық адамдарға қолда бар ақпарат қорын пайдалануға, оны іс жүзінде қолдануға және күрделі өмірлік мәселелерді шешуге көмектеседі. Ол адамдардың шынайы сауаттылығына және олардың әлем туралы білімінің кеңдігіне негізделеді, өз бетінше ойлауға және айналада болып жатқан барлық нәрселер туралы өзіндік қорытынды жасауға көмектеседі.

Қорытындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпарат-тарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндет-терді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ РЕТІНДЕ

*АРЫСБАЕВА Жарқынай Асетуллақызы,
Шымкент қаласы білім басқармасының
әдістемелік орталығының
«Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» бөлімінің басшысы*



Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті - білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Бүгінде пән мұғалімдері алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызумен қоса оқыту сапасын арттыру басты назарда болып отыр.

Оқыту сапасы мақсат пен нәтиженің ара-салмағы, мақсатқа жетудің өлшемі болып табылады. Бұл анықтамадан оқушылар алдына қойылған мақсатты және олар қол жеткізген нәтижені бірдей бірлікте өлшей алады үйрену қажеттілігі аңғарылады. Бұдан басқа орташаландырылған емес, жеке тұлғалық сипаты бар, оқыту үрдісінде әр баланың ілгерілеуін көруге мүмкіндік беретін, қажетті басқарушылық мәліметтерді алуды қамтамасыз ететін технология таңдау қажет. Оқытудың бірізді бағдарлануының негізі-жедел кері байланыс болып табылады. Соған сай оқытудың технологиялық тәсіліне төмендегідей талаптар қойылады:

- мақсаттар қою және оны мүмкіндігінше нақтылау, оқу мақсаттарын оның нәтижеге жетуі бағдарланатындай етіп анықтау;

- оқу материалдарын дайындау мен барлық оқытудың барысын оқу мақсаттарына сай ұйымдастыру;

- қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған күнделікті нәтижені бағамдау, оқытуды түзету;

- нәтижені қорытынды бағамдау.

Мұғалім оқытудың берік нәтижелеріне технологиялық тәсілмен қол жеткізу арқылы өзінің педагогикалық шығармашылығына, оқушылардың дамуына көбірек көңіл бөле алады.

Оқу үрдісін технологиялық құрылымдауды түсінудің кілті нақты қойылған мақсаттарға жүйелі түрде бірізділікпен бағдарлану болып табылады.

Педагогикалық технологияда мақсаттар қою тәсілдері нәтижелілігімен ерекшеленеді. Оқыту мақсаттары оқушылардың әрекеті арқылы көрсетілген оқыту нәтижелері арқылы тұжырымдалып, әрі мұғалім немесе кез-келген сарапшы нақты тани алатын болу керек.

Айтарлықтай табысты идеяны жүзеге асыруда мұғалім, әдетте келесідей негізгі қиындықтармен кезігеді: оқыту нәтижелерін әрекет тіліне қандай тәсілдермен ауыстыруға болады және бұл ауысудың бір мағыналылығына қалай қол жеткізуге болады? Бұл проблемалар екі түрлі жолмен шешіледі: біріншісі, педагогикалық таксономия жүйесі арқылы мақсаттар жүйесін нақтылау, екіншісі таксономия арқылы мұғалім анықтығы жеткіліксіз ойларды оқыту мақсаттарының мейлінше анық, нақты тіліне ауыстыра алады.

Таксономия - белгілі бір критерийлер мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді, жүйелеу және нақты құрылым бойынша реттілікпен орналастыру.

Иерархиялық жіктелген, ретке келтірілген мақсаттарды қолдану ең алдымен, мұғалім үшін төмендегідей жайттармен маңызды:

- мұғалім назарының негізгі ойға шоғырлануы, таксономияны қолдана отырып мұғалім мақсаттарды бөліп, құрастырып қана қоймай, ең бірінші кезектегі міндеттерді, әрі қарайғы жұмыстың реті мен келешегін нақтылай отырып, оларды ретке келтіреді;

- мұғалім мен оқушының бірлескен әрекетіндегі ашықтық пен жариялылықты ежелді;

- нақты оқу мақсаттары мұғалімге олардың ортақ оқу жұмысын түсіндіруге, талқылауға, кез-келген қызығушылық танытатын тұлғалардың анық түсінуіне мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижелерін бағалаудың өлшемін жасау, ол мақсаттардың дәл анықтамасына жүгіну неғұрлым сенімді және әділ бағаға қол жеткізеді. Мақсат қою – белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асатын үздіксіз процесс. Әрбір қойылған мақсатты үнемі талдап, қажет болса қайта қарастыру керек. Үздіксіз талдау жасау мұғалімдерге маңызды шешім қабылдауға көмектеседі.

Қалай болғанда да, мақсатты анықтау мен тұжырымдау үдерісі аяқтала салмайды. Біз бағалау критерийлерін іріктеу мен дәл анықтаудың, мақсатқа жеткеннің ақиқатын бағалау тәсілін анықтаудың маңыздылығына мән беруіміз керек. Ондай критерийлер мақсаттың анықтамасынан келіп шығады, ал тәсілдері – сабақ үшін таңдалған критерийлер бойынша қол жеткен нәтижелерді азды-көпті сенімді бағалау мүмкіндігін береді. Критерийлер мақсатты тұжырымдау кезінде, сабақ басталғанға дейін анықталады.

Сабақ соңында қол жеткен нәтижені жоспардағы нәтижемен салыстыра отырып, сіз әрі қарайғы іс-әрекетіңізді кәсіби түрде, нәтижелі жүргізуге қол жеткізесіз.

Білім берудегі технологиялық тәсілдің маңызды ерекшелігі мақсаттың болуы, ол өз кезегінде мұғалімге өз жұмысы мен оқушының әрекетін бағалап, білім беру үрдісіне жедел түрде өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Сабақ үдерісінде оқу мақсатына қол жеткізуде әртүрлі педагогикалық технологиялар арқылы мақсаттар нақтылануда. Оның нәтижесінде мұғалімнің нақтылауынан кейін оқытудың мақсаты, мазмұны және пәннің логикасымен қисынды байланысуы, өлшемді

алған білім, білік, дағдысы мен белгіленген уақыттық межесі нақтыланады.

М.В. Кларин әдебиеттерге талдау жасай отырып, оқу мақсаттарын қоюдың негізгі тәсілдерін қарастырады.

Бұл орайды «Блум таксономиясы» бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. «Блум таксономиясы» адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістерінің мәні оқушылардың кәсіби іс-әрекетті меңгеруіне бағытталады.

Білім:

Бұл категория оқу материалын **есте сақтау** мен **қайталауды** білдіреді.

Оқу материалы деп әртүрлі мазмұндағы ақпаратты (нақты фактілерден бүтін теорияларға дейін) атауға болады.

Бұл категорияның негізгі сипаты – қажетті мәліметтерді есте сақтау.

Оқушы:

- Қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды);
- Нақты фактілерді біледі, негізгі ұғымдарды, ережелер мен қағидаларды біледі.

Түсіну:

Түсіну дегеніміз мәліметті таныс, анық күйге ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. (түрлендіреді, салыстырады, нәтижелерді суреттейді)

Түсіну категориясын төрт топқа бөледі:

- **Түсіндірме** – яғни оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мәселен биологиялық формуланы сөзбен айтып беру немесе керісінше; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.);
- **Аударма** – оқу материалын “өз сөзімен” түсіндіру, қысқаша баяндау;
- **Мысалдар** – практикадан алынған фактілерге жүгіну, соларды келтіру;
- **Анықтамалар** - түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтама түрінде тұжырымдау;

Мұндай оқу нәтижелері материалды есте сақтау деңгейіне қарағанда анағұрлым жоғары болады.

Оқушы:

- Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді;
- Сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді;
- Сөзбен келтірілген материалды математикалық ұғымдарға өзгертеді;
- Берілген ақпарат бойынша болашақта туындауы ықтимал салдарын сипаттайды;

Қолдану.

Қолдану- қандай да бір проблеманы шешу үшін берілген мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Мұнда **ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды** практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Оқушы:

ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады;

- заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады;
- әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді;

Талдау:

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу:

1. Негізін тану – ауқымды әрі бүтін құрылымды құрамдас бөліктерге жіктеу;
 2. Астарлы мағынаны ажырату – екі тұжырымның өзара қатынасын көрсету;
 3. Мотивация – «Неліктен?», «Не себепті?» - деген сұрақтарға жан-жақты жауап беру арқылы қозғаушы күштер мен себептерін айқындау.
- Бүтіннің бөліктерін ажырату;
 - Бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау;
 - Бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну;
- Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылымы қалайша құралатындығын білуді меңзейді.

Оқушы:

- Жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашады;
- Ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды;
 - Фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады;
 - Ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.

Синтез:

Оқу материалының элементтерінен **жаңашыл** сипаттағы бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз) жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Оқушы:

- Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады.
- Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады;
 - Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады.

Бағалау:

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Мұнда шәкірттің пайымдаулары нақты критерийлерге негізделуі керек:

- **ішкі** – құрылымдық, логикалық тұрғыдан;
- **сыртқы** – алдына қойылған мақсаттарға сәйкестігі тұрғысынан.

Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Оқушы:

- Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды;
- Жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды;
- Ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындайды.

Блум таксономиясының басты белгісі осындай жүйеленген мақсаттармен ерекшеленеді. Блум таксономиясы оқудың нақты нәтижелерін оқушылардың

іс әрекеттері тұрғысынан көрсетуге бағытталған. Таксономияның жоғарғы деңгейлері өзінен төмен деңгейлерден күрделі болып келеді және олардың барлығын қамтиды, мәселен, «Бағалау» деңгейі барлық деңгейлерді қажеттейді.

Блум таксономиясының да сол оқушылардың білімін шығармашылық деңгейге жетелеумен ерекшеленеді. Олай болса Блум таксономиясы – тұлға шығармашылығын дамытушы әдіс.

Блум таксономиясы жеке тұлғаның біліктілік қасиеттерін шындай түсуге жол жасады атап айтсақ, аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой – пікірлерге тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисын ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру. Блум таксономиясының негізінде жеке тұлғаның креативтілігі, шығармашылық дербестілігі қалыптасады.

Демек, Блум таксономиясын оқыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игерудің бірден-бір жолы.

Зер сала қарасақ, оқушының білімді меңгеру деңгейі анализден бастап, синтез, бағада жоғарылай түседі.

Яғни, оқушы деңгейі, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгейге көтеріледі. Қазақ әдебиеті сабағында Блум таксономиясын пайдалана отырып оқушы білімін шығармашылық деңгейге жеткізу мақсатын қоямыз. Баршаңызға белгілі Бенджамин Блум - америкалық ғалым, оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Ол өзінің «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан және оқыту мақсаттарын жүйелеген. Оқыту мақсаттарының негізгі категориялары:

1. Білу
2. Түсіну
3. Қолдану
4. Талдау
5. Синтез (жүйелеу, жинақтау)
6. Бағалау.

1. Мақсатты зерделеленетін мазмұн арқылы анықтау.

Мақсат қоюдың бұл тәсілі неғұрлым кеңінен танылған дәстүрлі жол болып табылады (мысалы, «Параграфтың мазмұнын оқу...», «Теореманы зерделеу...»). Оқытудың технологиялық тәсілінің жақтастары бұндай мақсаттарды сөзсіз жеткіліксіз деп есептейді, себебі оған қол жеткізілгенін бағалау өте қиын. Дегенмен, бұл мақсаттар қолдануға жарамды, себебі олар оқытудың мазмұнын көрсетіп тұр.

2. Мақсаттарды мұғалімнің әрекеті арқылы анықтау.

Бұндай мақсат мұғалімнің әрекетіне шоғырланады. Мақсатты бұлай қою кезінде өз жұмысына шоғырланған мұғалімнің оқушылар қол жеткізген нәтижені бағалауына мүмкіндігі бола бермейді (мысалы, «Оқушыларды ... таныстыру», «...көрсету», «...түсіндіру»). Сөйтіп, мақсат қоюдың технологияланбаған тәсілі еңсерілмейді, тек бүркемеленіп қалады.

3. Мақсаттарды оқушы дамуының зияткерлік, эмоционалдық, тұлғалық үдерістері арқылы қою. Аталған мақсаттар жалпы білімділік мақсаттарды бейнелейді (мысалы, «білігін қалыптастыру (дамыту)», «оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту»). Бұндай мақсаттардың қойылуы мүмкін, бірақ белгілі бір қиындықтармен ықпалдасады. Бір сабақта (тіпті бірнеше сабақтар аясында) білік пен дағды қалыптастыру сияқты

мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес, себебі мұғалімнің қолында оны өлшеудің құралы жоқ.

4. Мақсаттың оқушылардың әрекеті арқылы қойылуы.

Мақсаттардың бұндай тұжырымдамасы сабақты жоспарлау мен өткізуге анықтық, белгілілік енгізеді (мысалы, «Сабақтың мақсаты-шешу (орындау, шығару)»). Бірақ мақсатты бұлайша етіп қою мұғалімге оқушы қол жеткізген нақты нәтижені анықтауда белгілі бір қиындықтар туғызады.

Сонымен, педагогикалық технологияда оқу мақсаттарын қоюдың қандай тәсілдері неғұрлым тиімді болып табылады? Құзыреттілікке бағдарланған мақсаттарды қоюдың белгілі тәсілі – SMART-критерийлер болып табылады. SMART - бұл «ақылды» мақсаттарды қоюдың бес маңызды критерийлерін есте сақтауға көмектесетін аббревиатура. Ол 1981 жылы Джордж Доран (George T. Doran) енгізген ұғым. Қысқаша айтқанда, ол қойылған мақсат нақты (Specific), өлшене білетін (Measurable), әрекетке негізделген (Action-oriented), қол жетімді (Realistic) және уақытпен шектеулі (Time-bound) болуы тиіс деген қағидалар.

Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесінің жаңартылған білім беру бағдарламаларында оқыту мақсаттары жоғарыда айтылған тәсілдерге, оның ішінде SMART техникасына негізделіп анықталуда. Оқыту мақсаттары оның анық, нақты (Specific) күтілетін нәтижелері түрінде сипатталған, әрі мақсат қоюдың неғұрлым кеңінен танылған дәстүрлі жолы-мақсатты зерделенетін мазмұн арқылы анықтау қолданылған (мысалы, «шығарманың мазмұнын түсіну, маңызды тұстарын анықтау үшін сұрақтарға жауап беру»). Мазмұн арқылы анықталған оқу мақсаттарының жүйесі сынып жоғарылаған сайын күрделене түседі. Бүгінгі таңда беру бағдарламалары жағдайында SMART техникасының өлшемді (Measurable) деп аталатын критерийне қол жеткізу үшін қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар орындалады. Қалыптастырушы бағалауды өткізу кезінде оқушыларға оқу мақсатын бағалайтын жетістік критерийлері беріледі.

Пәндік оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарының жүйесі дерлік қол жетерлік мақсаттар. SMART мақсаттың қол жетімділік (Attainable) критерийінің жүзеге асуын педагогикалық әдіс-тәсілдер мен әр пәнге қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар қамтамасыз етеді. «Мақсатыңыз қолжетімсіз екеніне көзіңіз жеткен кезде мақсатыңызды емес, әдісіңізді ауыстырыңыз» - деген екен белгілі шығыс ойшылы Конфуций.

Оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарының жүйесі оқушылардан шынайы (Realistic) проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Оқу мақсаты мен әр оқу мақсатына арнап таңдалған табыс критерийлерінің тізімі ұсынылған.

SMART мақсаттың белгілі бір уақыттық межемен (Timed) шектелуі білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді сипаттағы оқу мақсаттарының жүйесін құрауымен сипатталады. Ұзақ мерзімді жоспар ортақ тақырып бойынша оқу мақсаттарын бөлімдер бойынша топтайды; орта мерзімді жоспар тілдік дағдыларды (айтылым және тыңдалым, оқылым, жазылым) жақсарту бойынша талаптарды анықтайды; қысқа мерзімді жоспар оқушымен оқу мақсатына жету туралы кері байланысты береді.

Елімізде жаңартылған білім беру мазмұны мен оқу мақсаттары жүйесінің SMART технологиясына

негізделіп анықталуы ХХІ ғасырда қажетті:

- сыни тұрғыдан ойлау және туындаған мәселелерді шеше білу;
- ұжымдық жұмыс және көшбасшылық қасиеттері;
- икемділік және жаңа шарттарға бейімделу қабілеті;
- бастамашылық және кәсіпкерлік дағдылар;
- өз ойын ауызша да, жазбаша да сауатты және анық білдіру қабілеті;
- ақпарат іздеу және табу қабілеті;
- білімге құмарлық және қиял атты дағдылардың дамуын толық қамтамасыз ететіні анық.

Төмендегідей ұсыныс беремін:

1. Б.Блумның мақсат қою технологиясын тиімді пайдаланған оқушының «Мен шығармашыл тұлғамын» деген өзіне-өзі сыни көзбен қарауға көзқарасы қалыптасатыны сөзсіз екенін ескеру қажет;
2. Оқушылар алған білімін өмірде пайдалана алатын әлеуметтенген құзыретті тұлға даярланады;
3. Деңгейлік тапсырмалар негізінде тұлғаның өз ісіне мақсат қоя отырып, оны іске асыру үшін әртүрлі жағдайлардағы проблемаларды анықтап, жауапты шешім қабылдап, өз шешімінің нәтижесін бағалай алу біліктілігі және эвристикалық, ізденушілік әдістерге негізделген шығармашылық зерттеу мәселелерін шеше алу қабілеттілігі дамитынын ескеру қажет;
4. Тұлғааралық әлеуметтенуі негізінде коммуни-

кативтік құзыреттілігін арттыру қажет;

5. Оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге үйретіп, талабын ұштап, қиялын дамыту керек;
6. Бір-бірінің, өзінің іс-әрекетіне талдау жасауға, бағалатуға дағдыландыру қажет;
7. Өздерінің нәтижесін көре білуге, оны бағалай білуге дағдыландыру тиіс;
8. Тез әрі нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алу және тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту;
9. Алған білімдерін пайдалана отырып, жаңа қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру.
10. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұрғанын ескеру қажет;
11. Таксономияның белгілі критерийлер мен ұстанымдарын түсіну және қолдану керек;
12. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін ескерген жөн;
13. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет ететінін ескеру.



Как жить без отходов и улучшить экологию

КЕНЖЕБАЕВА Гульмира Советовна,
М. Әуезов атындағы ОҚУ, "Экология" кафедрасының т.ғ.к, профессор.
ШИНГИСБАЕВА Жадыра Атырхановна,
М. Әуезов атындағы ОҚУ, "Экология" кафедрасының т.ғ.к, профессор.
ИЗТЛЕУОВА Айгерим Бакбергеневна,
М. Әуезов атындағы ОҚУ "Экология" кафедрасының аға оқытушысы,
жаратылыстану ғылымының магистрі.
Шымкент қаласы

Отходы – это то, что каждый из нас производит ежедневно. Везде, где мы проводим хоть немного времени -дома, в офисе, в школе, в парке – всегда есть мусор. Уменьшив его количество, мы можем спасти не только планету, но и свой бюджет.

Каждый день миллионы людей выбрасывают тонны мусора. Во время праздников его количество увеличивается в несколько раз. Коробки, упаковки, красивые подарочные пакеты, сами подарки заполняют мусорные контейнеры. Ненужная еда разлагается – на неприятный запах сбегаются бездомные кошки и собаки, крысы. Мусор вывозится на свалки, куда часто попадают и отходы производства: брак, шины, детали машин. Такую ситуацию сегодня можно увидеть практически в любом городе, и с каждым годом она принимает все более ужасающие масштабы.

Жизнь современного человека основана на постоянном потреблении. Производители электроники, бытовых приборов, автомобилей делают все, чтобы мы использовали их продукцию в течение короткого времени и потом покупали новые модели. Мода заставляет нас заказывать вещи, которые мы, возможно, никогда не будем носить. Все это стимулирует экономику, производство, способствует увеличению капитала, росту заработных плат. Многим это кажется отличным способом для развития, улучшения образа жизни, однако имеется обратная сторона. В производстве новых товаров используется новое сырье. Человечество использует воду, электричество, природные ископаемые. При изготовлении продукции значительная ее часть оказывается браком и поступает в отходы. Покупая новое, люди

отказываются от старого. Вещи пылятся в доме, идут на выброс. Огромное количество мусора засоряет нашу планету.

Сейчас уже невозможно делать вид, что ничего не происходит. Нужно включиться в борьбу с мусором и выбрать путь, который позволит значительно уменьшить количество отходов. Отходы вредны для природы, животных и здоровья человека. Если мы хотим оставить нашим детям и внукам планету, а не свалку, нам нужно решать проблему отходов уже сейчас. И первый шаг – сократить количество отходов у себя дома!

